



№ 5

« 08 » 12 2022ж

2022-2023 оқу жылының қысқы емтихан сессиясын талапқа сай әрі сапалы ұйымдастыру және өткізу мақсатында

ӨКІМ ЕТЕМІН:

- 1) Емтихан сұрақтарын пәндер бойынша әзірлеу, білім беру порталына ендіру және емтихан қабылдаушыларды 25.11.2022ж. дейін бекіту - декандар, кафедра меңгерушілеріне жүктелсін;
- 2) Тест сұрақтарын пәндер бойынша әзірлеуді техникалық қамтамасыз ету- Ақпараттық коммуникациялық технологиялар басқармасына жүктелсін;
- 3) Академиялық күнтізбеге сәйкес, емтихан кестесін 25.11.2022ж. дейін дайындау және бекіту- Электрондық диспетчерлік сектор, Ақпараттық коммуникациялық технологиялар басқармасы, Тіркеу-офисіне жүктелсін;
- 4) Sirius.htii.kz білім порталы мен автоматтандырылған PLATONUS бағдарламасында білім алушылардың II ағымдық бақылау нәтижелерін мерзімінде қойылуын қадағалау – факультет декандары, кафедра меңгерушілері және Тіркеу офисіне жүктелсін;
- 5) Қысқы емтихан сессиясын жүргізу үшін Sirius.htii.kz білім порталы мен автоматтандырылған PLATONUS бағдарламасында білім алушылардың электрондық журналдарының дайындығы, екі ағымдық бақылау бойынша балл қоюды бақылау , аралық аттестаттаудың кесте бойынша өтуін қадағалау – Тіркеу офисінің жетекшісі М.Азимоваға жүктелсін;
- 6) Sirius.htii.kz білім порталы мен автоматтандырылған PLATONUS бағдарламасына білім алушылардың қол жетімділігін қамтамасыз ету - факультет декандарына жүктелсін;
- 7) Білім алушылардың қысқы емтихан сессиясына жіберілуін қамтамасыз ету –факультет декандары мен Тіркеу-офисіне жүктелсін;
- 8) Факультеттерде қысқы емтихан штабының комиссиясы бекітілуі- факультет декандарына жүктелсін;
- 9) «Қазақстан тарихы» пәнінен Мемлекеттік емтихан қабылдау – Академиялық саясат басқармасы, Тіркеу офисі және «Тарих және география» кафедрасына жүктелсін;
- 10) Қысқы емтихан сессиясы кезінде «OES» ЖШС бағдарламасын қолдана отырып, талапқа сәйкес прокторинг электронды жазбаларын талдау және оған тиісті шешім қабылдау - Ақпараттық коммуникациялық технологиялар басқармасы, Тіркеу офисі және прокторлық комиссия құрамына жүктелсін;
- 11) Барлық білім беру бағдарламаларының білім алушыларына аралық аттестациялау кезінде орын алған түрлі түсініксіз жағдайларды реттеу мақсатында, апелляциялық комиссия бойынша бұйрыққа сәйкес - бекітілген апелляциялық комиссия құрамына жүктелсін;

- 12) Білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін қалыптастыру мен сауалнама жүргізуді, студенттердің өзін-өзі басқару және жастар ұйымдары өкілдерінің емтихан сессиясына қатысы бойынша «Таза сессия» іс-шараларын ұйымдастыруды - Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік жұмыстар бөлімінің бастығы А.Ержигитоваға , Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Т.Бауыржанға және студенттік ректоратқа жүктелсін.
- 13) Осы іс-шаралардың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Академиялық жұмыстар
жөніндегі проректор**



А.Кадырова



№ 4

« 26 » 12 2022ж

Халықаралық Тараз инновациялық институтының атауы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты деп өзгеруі негізінде

ӨКІМ ЕТЕМІН:

1. 2022-2023 оқу жылына бекітілген ХТІИ-ның нормативтік құжаттамасы, шарттары, оқу-тәрбие процесі мен ғылым жоспарлары ағымдағы оқу жылының соңына дейін Шерхан Мұртаза атындағы ХТІИ-да қолданыста деп есептелсін;

2. 2022-2023 оқу жылына бекітілген ХТІИ-ның білім беру бағдарламалары мен элективті пәндер каталогтары Шерхан Мұртаза атындағы ХТІИ-да жарамды деп саналсын;

3. Институт заңгері (Е.Матжанов) Шерхан Мұртаза атындағы ХТІИ-да барлық құрылымдық бөлімшелеріне 01.12.2022 жылға дейін құқықтық мираскордың құқықтары туралы хабардар етсін;

4. Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор (А.Кадырова) 2022-2023 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі Шерхан Мұртаза атындағы ХТІИ-да нормативтік құжаттамасын өзектендіру кестесі 05.12.2022жылға дейін бекітсін;

5. Стратегия, ғылым-инновация және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор (Н.Буюклиев) ғылым жөніндегі нормативтік құжаттаманы өзектендірсін және 05.12.2022 жылға дейін Шерхан Мұртаза атындағы ХТІИ-да халықаралық байланыстар жөніндегі әріптестерін хабардар етсін;

6. Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор (Г.Құлабекова) тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі нормативтік құжаттаманы, Шерхан Мұртаза атындағы ХТІИ-ның сайты 05.12.2022 жылға дейін өзектендірсін;

7. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар басқарма бастығы (Г. Тулеев) Шерхан Мұртаза атындағы ХТІИ-ның атауы бойынша деректерді ішкі ақпараттық базаларда, платонуста, НОБД-да, аймақтағы үшінші деңгейдегі домендік атауда өзектендірсін edu.kz 01.01.2023 жылға дейін.

8. Академиялық саясат басқарма бастығы (К.Тастанбекова) Шерхан Мұртаза атындағы ХТІИ-ның академиялық саясатының жобасын 05.12.2022 жылға дейін дайындасын.

**Академиялық жұмыстар
жөніндегі проректор**

А.Кадырова